

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ
М.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ
«Мәдениет және өнер» факультеті
«Өнер» кафедрасы**

«БЕКІТЕМІН»

М.Әуезов атындағы ОҚУ
Басқарма төрағасы-ректор


Д.Ж. Ахмед-Заки
« 05 » 2025 ж.

**В027 - Театр өнері білім беру бағдарламасы тобы бойынша талапкерлерге
арналған шығармашылық емтихан
БАҒДАРЛАМАСЫ**

В027 - «Театр өнері» білім беру бағдарламасы бойынша оқуға түсушілерге арналған шығармашылық емтихандардың бағдарламасы және емтихан талаптары орта және арнаулы орта оқу орындарының білім деңгейіне сәйкестендіріп, дайындық бағыты бойынша құрастырылған.

Бағдарлама «Өнер» кафедрасының мәжілісінде талқыланды.

хаттама № 9 «23» 04 2025ж.

Кафедра меңгерушісі м.у.а.:  Мырзаев С.А.

Бағдарлама «Мәдениет және өнер» факультетінің әдістемелік комиссиясымен мақұлданған.

хаттама № 9 «24» 04 2025 ж.

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

1. Талапкерлерге арналған шығармашылық емтихандардың мақсаты мен міндеттері.

Шығармашылық емтихандардың бағдарламасының басты мақсаты - В027 - «Театр өнері» білім беру бағдарламасы бойынша оқуға түсуші талапкерлердің шығармашылық қабілеттері мен дайындықтарының деңгейін анықтау.

В027 - «Театр өнері» білім беру бағдарламасы бойынша шығармашылық емтихандары талапкерлерді талапқа сай іріктеуге, сондай-ақ шығармашылық білім алуға қабілетті талапкерлерді жинақтау жұмысындағы сапалы кепілдік болып табылады.

Шығармашылық емтихандардың **мақсаты** – үміткерлердің шығармашылық қабілеттерін және шығармашылық бағдарлау кәсібін игерудің жеке алғышарттарын тексеру. Театр мен кино өнері саласы бойынша қарапайым әдістеместерін меңгерген және осы өнердің негізгі элементтерді игерген талапкерге емтихан бағдарламасымен таныстыру.

Міндеттері:

Талапкердің режиссерлық-ұйымдастырушылық қабілеттерін айқындау болып табылады.

Шығармашылық емтихан уақытына талапкердің режиссерлық, актерлық, ұйымдастырушылық қабілеті, режиссерлық концепция жасау, ойлау қабілетінің деңгейі және жеке орындаушылық қасиеттері тексеру.

Мазмұны

Кіріспе

Талапкер міндетті түрде актерлық-шеберлік, саханда сөйлеу дайындығы және режиссерлық-ұйымдастырушылық қабілеттеріне ие болуы тиіс.

Шығармашылық емтихан уақытына дейінгі алдын ала дайындалу, педагогпен әңгімелесу, шығармашылық тапсырмаларды орындау кезінде талапкердің қажетті деңгейі анық болады.

Негізгі ережелер

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы.

«Орындау шеберлігі» бірінші емтиханды тапсыру үшін келіп түскен тұлға консультациядан кейін емтиханға өзінің дайындығын көрсетеді.

V027 – «Театр өнері» білім бағдарламасы тобының I-шығармашылық емтиханы – **актерлік шеберлік, сахна тілі.**

I-шығармашылық емтиханда талапкер өзінің бойындағы шығармашылық қабілетін, сахнада дұрыс жұмыс жасау, ептілігін көрсету, актерлық қабілетінің деңгейін көрсету және сөйлеу шеберлігін анықтау мақсатында комиссия алдында жеке этюд, әдеби шығармалардан (өлең, мысал, қара сөз) үзінді оқып көрсетуі тиіс.

V027 – «Театр өнері» білім бағдарламасы тобының II-шығармашылық емтиханы – **би, вокал.**

II-шығармашылық емтиханда талапкер өзінің бойындағы шығармашылық қабілетін, билеу шеберлігін көрсету, ән салу өнерін көрсету және театр мен кино саласы бойынша өзіндік жеке пікірлерін жеткізу шеберлігін анықтау мақсатында комиссия алдында кез келген тақырыпты би номерін көрсету, еркін тақырыпта ән салу шеберлігін көрсетіп және театр-кино саласындағы сұхбаттасуға қатысады.

I-II шығармашылық емтихандарды тапсыруға арналған негізгі талаптар

I- шығармашылық көрсетілім төмендегілерді қамтиды:

- талапкердің жеке шығармашылық қабілетінің деңгейін көрсететін жеке этюд көрсету;
- этюдтің құрылымы, ойы аяқталған, негізгі идеясы, тақырыбы ашылған болуы тиіс;
- этюдті көркемдік құралдармен жабдықтау мәселесінде жұмыс деңгейі.
- әдеби шығармаларды оқудағы ойды жеткізу, мәтіннің мақсатын аша білу, сөйлеу шеберлігінің деңгейі;

II- шығармашылық көрсетілім төмендегілерді қамтиды:

- талапкердің жеке билеу қабілетінің деңгейін көрсететін еркін тақырыптағы би номерін көрсету;

- бидің құрылымы, ойы аяқталған, негізгі идеясы, тақырыбы ашылған болуы тиіс;

- ән салу шеберлігінің деңгейі, әннің тақырыбын аша білу шеберлігі;

- кино және театр саласы бойынша, өнер майталмандары бойынша сұрақтарға жауап беру, сөйлеу шеберлігінің деңгейі;

Талапкер емтихан кезінде өзінің актерлық өнерін, сөйлеу техникасын, қозғалыс мәнері мен ән салу шеберлігін көрсетуі тиіс.

Шығармашылық емтихан екі кезеңнен тұрады:

1. Актер шеберлігі, сахна тілі

2. Би, вокал немесе коллоквиум

Бірінші кезеңде талапкер өзінің актерлық шеберлік бойынша өнерін, сөйлеу мен тіл шеберлігін, ал екінші кезеңде билеу өнеріндегі білім деңгейі мен ән салу шеберлігін көрсетеді.

Әрбір емтихан жеке бағаланады. Бірінші кезеңде ең төменгі балл жинаған талапкер емтиханның екінші кезеңіне жіберілмейді.

Бірінші шығармашылық емтихан: «Актер шеберлігі, сахна тілі» бойынша

Көрсетілімдердің жанрлары мен формалары емтиханға дейінгі педагогтармен дайындық кезінде анықталады. Емтиханда жеке этюдтық номер көрсетіледі. Көрсетілген этюдке қойылатын талаптар: нақты белгіленген тақырыбы болуы керек, түпкі ойы мен автордың идеясы ашылған болуы шарт және басы мен аяғы жасалған композициялық бүтін дүние болуына назар аударылады. Сонымен қатар, бірінші шығармашылық емтиханда талапкер әдеби шығармаларды орындайды (өлең, проза, поэма, мысал, монолог және т.б.). Әдеби шығармаларды орындау барысында талапкердің сөйлеу және тіл шеберлігінің деңгейі бағаланады.

Емтиханда көрсетілген этюд төмендегі талаптарға сай болуы тиіс: сюжеттік құрылымы бар, атмосферасы анықталған, нақты мизансценалары бар және автордың ойы жүзеге асырылған. Жеке этюдтық номерді құрастыру еркін форматта болады. Сахна тілі бойынша таңдалған шығарманың мақсаты мен міндеті айқындалған, мәтіндері дұрыс талданған, тақырыбы мен идеясы ашылған, оқу шеберлігі көрнекі болуы керек.

«Актер шеберлігі, сахна тілі» пәндері бойынша тапсырмалардың нұсқалары:

1. «Адам» тақырыбына этюд (адам, нәресте, бұқара т.б. сомдау)

2. «Жануарлар» тақырыбына этюд (жолбарыс, арыстан, маймыл, сиыр, жылқы, құстар, мысық, ит т.б. образдарын сомдау)

3. «Миниатюра» тақырыбында этюд (шәйнек, ыдыстар, су, сағыз, шеге, мотор, қайық, күрек т.б. жансыз заттарды сомдау)

4. «Пародия» тақырыбына этюд (әйгілі тұлғаларға арналған сөзсіз пародиялар)

5. Өленді шығармалар (өлендер, мысалдар т.б.)

6. Поэмалар (А.Пушкин, І.Есенберлин, М.Жұмабаев және т.б. ақындардың поэмаларынан оқу)

7. Монологтар (У.Шекспир, М.Әуезов, В.Гюго т.б. әлемдік драматургтердің шығармаларындағы монологтарды оқу)

Екінші шығармашылық емтихан: «Би», «Вокал».

Емтихан кезінде талапкердің билеу және сахнада қозғалу қабілеті, ұйымдастырушылық өнері, режиссерлық концепциясы, вокалдық шеберлігінің деңгейі мен жеке табиғи дарыны, сондай-ақ театр мен кино саласындағы теориялық білім деңгейі анықталады. Екінші шығармашылық емтихан кезінде талапкер би номерінің табиғатын ашып, қозғалысының әрекеттерін нақты көрсетіп, ән салу барысында дауыс ырғағы мен тембрін айқындап жеткізе білуі шарт. Талапкер өзінің жеке вокалдық шеберлігін көрсету үшін еркін тақырыпта кез келген ән композициясын таңдай алады. Сонымен қатар, өзінің қозғалыс шеберлігін айқындату үшін, еркін тақырыптағы би номерін орындауға хақысы бар.

Барлық орындалған тапсырмалар жоғарыда көрсетілген пәннің негізгі талаптарына сәйкес болуы міндетті.

«БИ, ВОКАЛ» бойынша тапсырмалардың нұсқалары:

1. Би жанрлары (рок, хип-хоп, народные, техно, трэп т.б.)
2. Би миниатюралары (соғыс тақырыбынағ отбасы, махаббат, ана тақырыптарына би миниатюраларын көрсету)
3. Ән орындау (халық әндері, эстрадалық әндер, авторлық әндер т.б.)
4. Кинофильмдерден әндерді орындау (мультфильмдер, кинофильм кейіпкерлерінің әндері, киноспектакль)
5. Драмалық шығармалардың әндері (пьеса, роман, мюзикл ішінен әндер)

**В027-«Театр өнері» білім бағдарламасы тобы бойынша оқуға
түсушілерге арналған І-ші шығармашылық емтиханның бағалау
критерийлері**

30-50 балл

- 1.Этюд өте жоғары деңгейде сахналастырылған, тақырыбы мен түпкі ойы толығымен ашылған; (10-15)
2. Талапкердің орындаушылық шеберлігі өте жоғары, актер шеберлігі элементтері дұрыс қолданылып, табиғаты ашылған.(10-17)
3. Талапкердің сөйлеу шеберлігі, өз ойын жеткізу қабілеті өте жоғары деңгейде; (10-18)

16-29 балл

1. Этюд орташа деңгейде сахналастырылған, тақырыбы мен түпкі ойы ашылған; (5-9)
2. Талапкердің орындаушылық шеберлігі орташа, актер шеберлігі элементтері дұрыс қолданылып, бірақ табиғаты орташа ашылған. (5-10)
3. Талапкердің сөйлеу шеберлігі, өз ойын жеткізу қабілеті орташа деңгейде; (6-10)

5-15 балл

1. Этюд төмен деңгейде сахналастырылған, тақырыбы мен түпкі ойы толық ашылмаған; (2-5)
2. Талапкердің орындаушылық шеберлігі төмен, актер шеберлігі элементтері толық қолданылмаған. (3-5)
3. Талапкердің сөйлеу шеберлігі, өз ойын жеткізу қабілеті төмен деңгейде; (1-5)

0-4 балл

1. Этюд дұрыс сахналастырылмаған, тақырыбы мен түпкі ойы ашылмаған; (0-2)
2. Талапкердің орындаушылық шеберлігі өте төмен, актер шеберлігі элементтері дұрыс қолданылмаған. (0-1)
3. Талапкердің сөйлеу шеберлігі, өз ойын жеткізу қабілеті өте төмен деңгейде; (0-1)

**В027 – «Театр өнері» білім бағдарламасы тобы бойынша оқуға
түсушілерге арналған ІІ-ші шығармашылық емтиханның бағалау
критерийлері**

30-50 балл

1. Би элементтерін жоғары деңгейде көрсету, қозғалыстың түпкі ойын жоғары дәрежеде жеткізу; (10-15)
2. Вокалдық шеберлігі жоғары деңгейде, әннің тақырыбын ашу қабілеті жоғары деңгейде. (10-17)
3. Режиссура, театр және кино саласы жайындағы көзқарасы жетік, өз ойын ашық, түсінікті жеткізе біледі; (10-18)

16-29 балл

1. Би элементтерін жақсы деңгейде көрсету, қозғалыстың түпкі ойын орташа дәрежеде жеткізу; (5-9)
2. Вокалдық шеберлігі жақсы деңгейде, әннің тақырыбын ашу қабілеті орташа. (5-10)
3. Режиссура, театр және кино саласы жайындағы көзқарасы бар, өз ойын орташа деңгейде жеткізеді; (6-10)

5-15 балл

1. Би элементтері толық ашылмаған, қозғалыстың түпкі ойын жеткілікті дәрежеде аша алмау (2-5)
2. Вокалдық қабілетін жақсы деңгейде жеткізе алмау, әннің түпкі ойы толық ашылмаған (2-5)
3. Театр және кино саласы бойынша өзара әңгімеде ойын толық ашып жеткізе алмау (1-5)

0-4 балл

1. Би элементтері дұрыс пайдаланылмайды, әннің түпкі ойын жеткізу шеберлігі өте төмен (0-2)
2. Вокалдық қабілеті ашылмаған, әннің ойын жеткізу шеберлігі жоқ. (0-1)
3. Театр және кино саласы бойынша өз ойын мүлдем жеткізе алмайды (0-1)

В027 - «Театр өнері» білім беру бағдарламасы тобына колледжден кейін оқуға түсушілерге арналған шығармашылық емтихан бойынша бағалау критерийлері

15-20 балл

- 1.Этюд өте жоғары деңгейде сахналастырылған, тақырыбы мен түпкі ойы толығымен ашылған; (5-8)
2. Талапкердің орындаушылық шеберлігі өте жоғары, актер шеберлігі элементтері дұрыс қолданылып, табиғаты ашылған.(5-7)
3. Талапкердің сөйлеу шеберлігі, өз ойын жеткізу қабілеті өте жоғары деңгейде; (5-5)

10-14 балл

1. Этюд орташа деңгейде сахналастырылған, тақырыбы мен түпкі ойы ашылған; (4-6)
2. Талапкердің орындаушылық шеберлігі орташа, актер шеберлігі элементтері дұрыс қолданылып, бірақ табиғаты орташа ашылған. (3-5)
3. Талапкердің сөйлеу шеберлігі, өз ойын жеткізу қабілеті орташа деңгейде; (3-3)

5-9 балл

1. Этюд төмен деңгейде сахналастырылған, тақырыбы мен түпкі ойы толық ашылмаған; (2-3)
2. Талапкердің орындаушылық шеберлігі төмен, актер шеберлігі элементтері толық қолданылмаған. (2-3)
3. Талапкердің сөйлеу шеберлігі, өз ойын жеткізу қабілеті төмен деңгейде; (1-3)

0-4 балл

1. Этюд дұрыс сахналастырылмаған, тақырыбы мен түпкі ойы ашылмаған; (0-2)
2. Талапкердің орындаушылық шеберлігі өте төмен, актер шеберлігі элементтері дұрыс қолданылмаған. (0-1)
3. Талапкердің сөйлеу шеберлігі, өз ойын жеткізу қабілеті өте төмен деңгейде; (0-1)

Негізгі әдебиеттер:

- 1.Ә. Рахымов «Пьесадан қойылымға дейін». Алматы «Өлке», 2018 жыл;
- 2.Джукеева Б.А. «Режиссура» пәнінен практикалық сабақтарға арналған оқу құралы, Шымкент: ОҚМУ, 2017
- 3.Великобритания. Литература. Театр. Кино. Музыка. Танец. Балет. Живопись. Скульптура. Архитектура. Дизайн. СМИ: лингвострановедческий словарь: сост. Г.Д. Томахин. - М. : Астрель: АСТ, 2016. - 233 [3] с. - (На. англ. яз.). Экз: всего:5
- 4.Драматургия / Аударған. Қ. Ысқақ. - Астана: Аударма, 2015. - 304 с. - (Нобель сыйлығының лауреаттары) Экземпляры: всего:2 - А2(2).
- 5.Наурыз /Жаңғырған салт-дәстүрлер./ А.:Қазақстан, 2017.-256 бет./5экз/
- 6.Режиссура. Уч. пособие /Под редакцией Камаловой Н.К. / Шымкент, ЮКГУ 2013. - 40с/4экз/

Қосымша әдебиеттер

- 8.Тамбетова Д.Х. «Режиссура 7» пәнінен практикалық сабақтарға арналған әдістемелік нұсқау. М.Әуезов ат. ОҚМУ. 2014ж. Экз:5
- 9.Ауесбаев Е.С.«Режиссура 1,2» пәнінен терминологиялық сөздік Шымкент: ОҚМУ, 2014. Экз:всего 50
- 10.Өнер: энциклопедиялық сөздік. – Алматы, 2015ж.
- 11.Сейтметов Р. «Режиссер-актер», Алматы. «Атамұра», 2013 ж. Экз /2/, 208б.
- 12.Байсеркенов М. Сахна және актер («Станиславский жүйесі» оның тезистерімен заңдылықтары). /- Алматы. Ана тілі, 2013. – 336 с Экз/5-А6 (4).
- 13.«Өнер» энциклопедиясы. Әлемдік өнертану. Үш томдық 1 том. Театр өнері., Алматы «Өлке», 2014-338 бет.

